

Оқушылардың жеке істерін тексеру нәтижелері бойынша анықтама

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 жылдың 11–12 қыркүйегі аралығында 5–11 сынып оқушыларының жеке істеріне тексеру жүргізілді. Тексеруді оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары: Титова Е.Н. және Арыстанбекова Б.Г. жүзеге асырды.

Тексерудің мақсаты: оқушылардың жеке істерінің болуын, жеке істерді толтыру кезінде сынып жетекшілері тарапынан бірінғай орфографиялық талаптардың сақталуын, жеке істердегі қажетті құжаттардың толық болуын анықтау.

Әдістері: 5–11 сынып оқушыларының жеке істерімен жұмыс.

Тексеру бағдарламасы:

- титулдық бет;
- оқушылардың тізімдік құрамы;
- жеке істердің саны;
- жеке істің нөмірі;
- жеке істің алдыңғы бетінде мөрдiң, директордың қолының, толтыру күні болуы;
- оқушылар және олардың ата-аналары жөніндегі мәліметтердің толтырылуы;
- оқу жылының нәтижелері туралы мәліметтер (табельдер, келесі сыныпқа көшу туралы белгі, сынып жетекшісінің қолы);
- әр оқу жылына қойылған мөрдiң болуы;
- ата-аналардың өтініштері, туу туралы куәліктің (куәлігінің) көшірмелерінің болуы.

Алынған ақпаратты талдау келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді:

1. Жеке істердің саны сыныптардағы оқушылар санына сәйкес келеді.
2. Жеке істердің барлығы дерлік әліпби ретімен орналастырылған.
3. Барлық жеке істерде нөмірі көрсетілген.
4. Жеке істің алдыңғы бетінде мөр, директордың қолы және толтыру күні бар.
5. Оқушылар және олардың ата-аналары туралы мәліметтер толық көрсетілген, бірақ барлық сынып жетекшілері мекенжай өзгерісі туралы мәліметтерді дер кезінде енгізбейді.
6. Барлық жеке істерде үлгерім табельдері бар.
7. Табельдер сынып жетекшісінің қолымен және мектеп мөрімен расталған.
8. Барлық жеке істерде ата-аналардың өтініштері бар.

Ұсыныстар:

1. Барлық сынып жетекшілері оқушылардың жеке істерін ресімдеу бойынша бірінғай талаптарды сақтасын.
2. Жеке істерді тізім бойынша орналастыру.
3. Мекенжай өзгерістерін көрсете отырып, «үй мекенжайы» графасын дер кезінде толтыру.
4. Титулдық бетке оқушылардың келуі және кетуі туралы мәліметтерді (күні, бұйрық нөмірі) уақытылы енгізу.
5. 5 және 10 сыныпқа өткен кезде оқушылардың фотосуреттерін дер кезінде тіркеу.

Оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарлары:

 Е. Титова
 Б. Арыстанбекова